

Ж.К. Ибраева<sup>1\*</sup>, Қ. Жақсылыққызы<sup>1</sup>, Г.С. Нәбиева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан  
\*e-mail: [zhanar.kulmat@gmail.com](mailto:zhanar.kulmat@gmail.com)

### ҮШІНШІ ТІЛДІ МЕНГЕРУДЕГІ БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ТІЛДІҢ ЫҚПАЛЫ (ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ)

**Аннотация.** Бұл мақалада мақсатты үшінші тілде (Т3) тапсырмаларды орындау кезінде қазақстандық көстілді студенттердің бірінші (Т1) және екінші тілдерінің (Т2) белсенділік күйін зерттеу мақсаты болып табылатын тұңғыш эксперимент нәтижелері берілген. Зерттеуге әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері қатысты. Бірінші эксперименттік топ студенттері үшін қазақ тілі ана/бірінші тіл (Т1), ал орыс тілі Т2, ал екінші топ студенттері үшін орыс тілі бірінші/ана тілі (Т1) және қазақ тілі, тиісінше Т2. Экспериментте іс-әрекет нәтижелерін талдау әдісі, сондай-ақ «лексикалық шешім қабылдау тапсырмасы» (Lexical Decision Task) тәсілінен тұратын әдістеме қолданылды. Зерттеудің нәтижелері ағылшын тіліндегі (Т3) сөйлеу өндірісі кезінде, қазақ (Т1/Т2) және орыс тілі (Т1/Т2) бәсекелестік жағдайында іске қосылатынын көрсетті, және оған қоса, үштілділік жағдайында тілдердің белсенділік деңгейі мен атқаратын рөлдері сыналуды топтарда әртүрлі. Зерттеу барысында оқу үштілділігі жағдайында қазақ тілі мен орыс тілінің белсенділік деңгейлеріне әсер ететін негізгі себептер мен факторлар анықталды.

**Тірек сөздер:** үштілділік, тіл аралық ықпал, лексикалық шешім қабылдау, психотипология, психолінгвистика

Ж.К. Ибраева<sup>1\*</sup>, Қ. Жақсылыққызы<sup>1</sup>, Г.С. Нәбиева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Қазақский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан  
\*e-mail: [zhanar.kulmat@gmail.com](mailto:zhanar.kulmat@gmail.com)

### ВЛИЯНИЕ ПЕРВОГО И ВТОРОГО ЯЗЫКОВ НА УСВОЕНИЕ ТРЕТЬЕГО ЯЗЫКА (ПСИХОЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ)

**Аннотация.** В данной статье представлены результаты пилотного исследования, целью которого является изучение статуса активности первого (Я1) и второго языков (Я2) казахстанских студентов-билингвов во время выполнения заданий на изучаемом третьем языке (Я3). В исследовании приняли участие студенты Казахского национального университета имени аль-Фараби. Для студентов из первой экспериментальной группы казахский язык является родным/первым (Я1), а русский Я2, тогда как для студентов второй группы русский язык является первым/родным (Я1) и казахский язык соответственно является Я2. В эксперименте использовался поведенческий метод исследования, а также методика, включающая “задачу лексического решения” (Lexical Decision Task). Результаты такого рода исследований показывают, что в контексте производства английского языка (Я3) казахский (Я1/Я2) и русский (Я1/Я2) активируются конкурентным образом, при этом роли языков и степень их активации в ситуации трехязычия различаются у разных групп испытуемых. В процессе исследования выделены ключевые причины и факторы, влияющие на уровни активации казахского и русского языков в условиях учебного трехязычия.

**Ключевые слова:** трилингвизм/трехязычие, межязыковое влияние, задача лексического решения, психотипология, психолінгвистика

Zh.K. Ibrayeva<sup>1\*</sup>, K. Zhaksylykkyzy<sup>1</sup>, G.S. Nabyeva<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan  
\*e-mail: [zhanar.kulmat@gmail.com](mailto:zhanar.kulmat@gmail.com)

### THE INFLUENCE OF FIRST AND SECOND LANGUAGES ON THE THIRD LANGUAGE ACQUISITION (PSYCHOLINGUISTIC ANALYSIS)

**Abstract.** This article presents the results of a pilot experiment, the purpose of which is to study the status of activity of the first (L1) and second languages (L2) of Kazakhstani bilingual students while performing tasks in the target third language (L3). Students of the Al-Farabi Kazakh National University took part in the study. For students from the first experimental group, Kazakh is the native/first language (L1), and Russian is the L2. In contrast, for students of the second group, Russian is the first/native language (L1) and Kazakh, respectively, is the L2. A behavioural research method was used in the experiment, as well as a technique that included a “lexical decision task”. The results of this type of research show that in the context of the production of the English language (L3), Kazakh (L1/L2) and Russian (L1/L2) are activated in a competitive way, while the roles of languages and the degree of their activation in a trilingual situation vary in different groups of subjects. In the research process, the key reasons and factors influencing the levels of activation of the Kazakh and Russian languages in the conditions of educational trilingualism were identified.

**Key words:** trilingualism, crosslinguistic influence, lexical decision task, psychotypology, psycholinguistics

## Кіріспе

Ағылшын тілінің жаһандық таралуы, оның барлық маңызды салалардағы, атап айтқанда ғылым, білім, бизнес және т.б. сұранысының өсуі 2018 жылдан бастап қазақстандық білім беруде көптілділікті қалыптастыруға арналған бірқатар реформалардың қабылдануына әсер етті. Бұл үдерістің нәтижесі ағылшын тілі рөлінің артуы, мектептердегі ағылшын тілі пәнінен сағаттардың көбеюі, ҰБТ-да таңдау пәні ретінде ағылшын тілінің таңдалуы, Қазақстандағы студенттер мен мектеп оқушылары үшін ағылшын тілінің міндетті пәнге айналуы ретінде көрініс тапты.

Қазақстандағы тілдік жағдаятты ескерер болсақ, зерттеуге қатысқан студенттер үшін қазақ және орыс тілдері әдетте бірінші немесе екінші тіл, ал ағылшын тілі академиялық көптілділік жағдайындағы үшінші тіл болып табылады. Бұл сценарий Қазақстанның әртүрлі мәдени және білім беру ландшафтындағы көптілділік пен тілді үйренудің маңыздылығын көрсетеді.

Қазақстандағы тілдік жағдай әртүрлі себептерге байланысты бірегей болып келеді. Тілдік жағдаяттың қалыптасуына Э.Д. Сүлейменова, Н. Ж. Шаймерденова, Б. Хасанов, Ж.С. Смағұлова, О.Б. Алтынбекова және т. б. сияқты ғалымдардың әлеуметтік-лингвистикалық еңбектерінде егжей-тегжейлі сипатталған көптеген факторлар әсер етті. Еліміздегі тілдік жағдайдың бірегейлігі әртүрлі тілдік семьялардың өкілдері болып табылатын және әртүрлі құрылымдық-типологиялық белгілері бар тілдердің ұзақ уақыт бір аумақта қатар өмір сүруімен түсіндіріледі. Қазақ тілі Алтай тілдер семьясының түркі тобына (қыпшақ-ноғай кіші тобы) жататыны белгілі. Орыс тілі – Үнді-Еуропа тілдер семьясының славян тілдер тобының шығыс славян бұтағының өкілі.

Талданып отырған тілдердің құрылымдық-типологиялық сипаттамасы қазақ-орыс және орыс-қазақ билингвизмінің көптеген аспектілерін түсіндіру үшін маңызды фактор болып табылады. Орыс және қазақ тілдерінің типологиялық ерекшеліктерін морфология, фонетика, синтаксис деңгейіндегі салыстырмалы грамматика шеңберінде Қ.А. Бейсенбаева, В.А. Исенғалиева, Д. Тұрсынов, Н. Х. Демисинова, З. К. Ахметжанова сияқты әдіскер ғалымдар жан-жақты талдады.

Соңғы 20 жыл ішінде психолингвистика, лингвистикалық дидактика саласындағы зерттеулердің фокусы үшінші тілді үйренуге (үшінші тілді меңгеру) бағытталған. Зерттеудің бұл саласы тілді меңгерудің әртүрлі көзқарастарын зерттейді және үшінші тілді психолингвистикалық тұрғыдан зерттеуде тіларалық әсер ету құбылысына (Crosslinguistic Influence) ерекше назар аударады. Соңғы жылдары тіларалық ықпал, әсіресе бұрын үйренген барлық тілдердің қосымша немесе жаңа тіл құруға қалай қатысатынын түсіну мәселесі айтарлықтай өзекті. Зерттеулер ертерек меңгерілген тілдердің қосымша тілде сөйлеу өндіру кезінде жарыспалы түрде іске қосылатынын дәлелдеп отыр (Williams, S. and Hammarberg, B., 1998; Lindqvist, C., 2010). Дегенмен, бұл еңбектердің көбі негізінен генеологиялық тұрғыда туыс тілдерге қатысты зерттеулерді қамтитынын ескеру маңызды. Зерттеулердің шектеулі саны ғана генеологиялық тұрғыда әртүрлі тілдерді зерттеуге бағытталған (Hammarberg, B. 2001). Бұл әртүрлі тілдік топтарға жататын тілдер аясында тіларалық ықпалды одан әрі зерттеу қажеттілігін көрсетеді.

## Материал және әдістер

Психолингвистика саласындағы зерттеулерде сөздерді оқу үдерісі берілген сөздің орфографиялық ақпаратын менталды лексикон деп аталатын оқырманның жинақталған білімімен салыстыратын когнитивті механизмдерден тұратыны дәлелденген (van Heuven, Dijkstra, & Grainger, 1998). Менталды лексиконды көбінесе белгілі сөздерді өңдеу базасымен ғана емес, сонымен қатар олардың лексикалық сипаттамаларын, соның ішінде емле, фонология, семантика және тілдік ақпаратты қамтитын кең мәліметтер базасымен салыстырады. Зерттеушілер сөз туралы ақпаратты, сәйкестікті және мағына түсініктілігін лексикалық қолжетімділік ретінде анықтайды (Dijkstra, 2005). Лексикалық қолжетімділік түсінігінің қарапайымдылығына қарамастан, бір тілдегі сөздің екінші тілдегі баламасын табуда қиындықтар туындайды, себебі бір сөз екінші бір сөзбен сәйкестендірілмес бұрын аударылатын тілдің өз ішінде бірнеше сәйкес нұсқаның белсенді болу жағдайлары жиі кездеседі. Көптілді сценарийлерде жағдай күрделене түседі. Мұнда лексикалық қолжетімділік ұсынылған сөзге балама ретінде әртүрлі тілдердің нұсқаларын белсендіре алады (Dijkstra & van Hell, 2003; Lemhofer, Dijkstra & Michel, 2004; van Heuven et al., 1998). Лексикалық қолжетімділік көптілділікті зерттеуде маңызды болып табылады. Көптеген зерттеушілер менталды лексиконға қолжетімділік таңдамалы емес, бұл белгілі тілдердің өзара әрекеттесуіне әкеледі деп

есептейді. Негізінде, әртүрлі тілдердегі сөздің барлық ықтимал нұсқалары мәтінді өңдеу кезінде олардың тілдік байланысына қарамастан белсенді болады (Font & Lavour, 2004; Lemhofer et al., 2004; Orfanidou & Sumner, 2005).

Әдетте, T2 немесе ана тілі жоғары деңгейге жетсе, сонымен қатар код ауыстыру құбылысы байқалса, бірыңғай сөздікті ұсыну тілдік үстемдікке қатысты мәселелерді туғызады.

Экспериментке қатысушылар ағылшын тілінен аударылған сөздерді тануға байланысты тапсырма орындады. Аталған тапсырмада ағылшын тіліндегі аудармаларды визуалды түрде ұсынудың дұрыстығына «иә/жоқ» деп жауап беру сұралды. Реттік ықпал әсерін болдырмау үшін сөздердің аудармасы қазақ және орыс тілдерінде кездейсоқ ретпен ұсынылды. Оңқай 10 студент әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде (Алматы, Қазақстан) хабарландырулар бойынша іріктелді және олар тестілеу кезінде аталған оқу орнында білім алды. Респонденттер ағылшын тілін үшінші шет тілі ретінде меңгерген (хронологиялық тұрғыда T3) қазақ тілі иеленушілері ( $n = 5$ , орташа жасы = 23,95) мен орыс тілі иеленушілері ( $n = 5$ , орташа жасы = 24,44) болды.

Барлық сыналушылар ағылшын тілін жалпыеуропалық тілді меңгеру стандарттарына сәйкес B1/B2 деңгейінде меңгерген және теңдестірілген қазақ-орыс және орыс-қазақ билингвтері болып табылады. Зерттеу субъектілері орта мектептің бірінші сыныбынан бастап ағылшын тілін оқыған және тәжірибеге өз еркімен қатысты. Эксперимент алдында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Этикалық комитеті мақұлдаған зерттеуге ақпараттандырылған жазбаша келісімге қол қойылды.

Берілген жұмыста зерттеу материалы (ынталандыру сөздері) ретінде ағылшын тілінің бұрыс етістіктері таңдалды. Етістік көптеген тілдердегі ең күрделі грамматикалық категориялардың бірі болып табылады және әртүрлі грамматикалық формалар мен грамматикалық мағыналар жүйесіне ие.

Эксперимент үшін үш тілде де етістіктің инфинитивті формасы таңдалды. Бұл ретте салғастырылып отырған тілдердің маңызды белгілері туралы айту қажет деп санаймыз.

Экспериментте ағылшын тілінің 105 бұрыс етістігі, қазақ тіліндегі 210 аударма сөз және орыс тіліндегі 210 аударма сөз қолданылды. 210-ның жартысы ағылшын тілінің бұрыс етістіктерінің қазақ және орыс тілдеріндегі аударма баламалары болып, конгруэнтті аудармалар ретінде қызмет етті, ал екінші жартысы бақылау шарты үшін сәйкес келмейтін аудармалар ретінде қызмет ететін байланыссыз сөздер болды. Тәжірибе барысында қатысушылардан экрандағы сөз конгруэнтті болған жағдайда пернетақтадағы "1" батырмасын, ал егер сөз сәйкес келмесе, "3" батырмасын басу арқылы шешімін бекіту сұралды. Аударманың дұрыс не бұрыстығы бойынша шешім қабылдап, батырманы басуға арналған уақыт 2500 мс құрады. Әр сөзден кейін экранның ортасында 2500 мс-қа келесі тапсырма автоматты түрде көрсетілгенге дейін берілген тапсырманы бекітуге арналған арнайы таңба (#) көрсетіледі. Жауап беру уақыты (Reaction Time) тапсырма экранға шыққан уақыттан бастап қатысушы түймені басқан сәтке дейін тіркелді. Эксперимент компьютерде E-prime 2.0 бағдарламалық пакетін қолдана отырып жүргізілді (Psychology Software Tools Inc., 2012).

### **Әдебиетке шолу**

2004 жылы С. Флинн, К. Фолей және И. Виннитская әзірлеген кумулятивті жетілдіру моделі (Cumulative Enhancement Model) екінші шет тілін меңгерудің алғашқы үлгілерінің бірі болып табылады. Осы үлгіге сәйкес, бұрын үйренген барлық алдыңғы тілдер екінші және одан кейінгі шет тілдерін меңгеру үдерісіне тікелей әсер етеді. Қазақ (T1), орыс (T2) және ағылшын тілдеріндегі (T3) шектелген бағыныңқы құрмалас сөйлемдерді зерттеу барысында орыс тілі (T2) мен ағылшын тілінің (T3) арасында ортақ синтаксистік белгілер анықталды. Бұндай ұқсастықтар қазақ тіліне қатысты анықталған жоқ. T2 және T3 бір мезгілде меңгерілген жағдайда екінші тілдің үшінші тілге әсері түрлі болуы мүмкін (Flynn, S.L., et al. 2004).

Психотипологиялық фактор (Psychotypology), 1983 жылы Э. Келлерман ұсынған тілдік қашықтықты қабылдау идеясы, студенттердің оқып жатқан тілдерінің типологиялық ерекшелігін саналы түрде түсінетінін және өздерінің бұрыннан білетін тілдеріне ұқсастығын анықтай алатынын көрсетеді (Kellerman, E. 1983). Мысалы, 1987 жылы Х. Риңбом зерттеуі тіларалық ықпал аясындағы қабылданған тілдік қашықтықтың маңыздылығы туралы нақты дәлелдер келтірді. Ол ағылшын тілін үшінші тіл ретінде үйренуші фин-швед билингвтерін зерттеді. Зерттеу нәтижесінде, студенттер ағылшын, швед және фин тілдерінің айырмашылықтарын әртүрлі бағалаған. Фин және ағылшын

тілдері бір тілдік семьяға жатпаса да, респонденттер олардың арасында ортақ белгілерді байқаған. Ортақтықтар әсіресе, фин және ағылшын тілдерінің семантикалық қабатында танылды (Ringbom, H. 1987).

2011 жылы Дж. Ротман ұсынған типологиялық біріншілік моделі (Typological Primacy Model) тіларалық ықпалға балама көзқарас ұсынады. Бұл модельге сәйкес, ана тілі де, алғашқы оқылатын шет тілі де тіларалық ықпалда маңызды рөл атқарады (Rothman, J. 2011, 2015). Типологиялық біріншілік моделі тілді меңгеруші тарапынан оқытылатын тілдің құрылымдық типологиясын саналы түрде қабылдауы деп ерекше сипатталады.

Дж. Ценоз, Б. Хуфеисен, және У. Джэсснер үшінші тілді меңгеру үдерісінде тілдік ұқсастық пен арақашықтықтың маңыздылығын атап көрсетеді және олардың ана тіліне немесе екінші тілге ұқсастығы бар үшінші тілді үйрену, тілдерді меңгеру және ауыстыру үдерісін жеңілдететінін айтады. Демек, тілдік қашықтық концепциясы үшінші тілді меңгерудің шешуші факторына айналады және тілдер арасындағы объективті және формалды лингвистикалық айырмашылықтарды, сондай-ақ нақты тілдік қатынастарға қарамастан, студенттердің тілдер арасында субъективті түрде бар деп қабылдайтын қашықтықты білдіретін қабылданған тілдік алшақтық ұғымын қамтиды (Cenoz, J., et al. 2001).

С. Бардел мақсатты тіл (Т3) мен фондық тілдерді меңгеру деңгейі арасындағы байланыстың болуы Т2 және Т3 меңгеру деңгейінің бұрынырақ меңгерілген тілдердің іске қосылуына әсер етеді деп пайымдайды. Мақсатты тілді (Т3) меңгеру деңгейі төмен болған жағдайда фондық тілдер де төмен дәрежеде іске қосылады. Сәйкесінше, Т3 меңгеру деңгейінің жоғары болуы ана тілінің немесе екінші тілдің кәсіби дәрежеде іске қосылуына әкеледі (Bardel, C. 2010).

Француз тілін Т3 ретінде үйренуші жапондық білім алушылардың реакциялары туралы қызықты зерттеу П. Тревисоол еңбектерінде ұсынылған. Ол код ауыстыруды және жапондықтардың сөздік құрылымдарын талдайды. Ғалымның зерттеулерінің нәтижелері үшінші тілде (Т3) сөйленіс тудыру барысында жапон тілі (Т1) сыртқы тіл – құрал (instrumental role) рөлін атқаратыны, ал сыртқы жеткізуші рөлі (supplier role) үшінші тілдің іске қосылуында онша байқалмайды (Trevisiol, P. 2006).

Т. Дийкстра және ван Хелл атап өткендей, көптілді адамдар әдетте басқа тілдердің араласуын азайту қажеттілігіне әкелетін белгілі бір тілде сөйлесуге немесе оқуға бейім. Көптілді адамдардың әртүрлі лексикондарының салыстырмалы белсенді бақылау қабілеті өте шектеулі болып көрінеді. Дегенмен, бірнеше тілде сөйлейтін адамдар үшін кейде сөйлесу барысында сөйлеп тұрған тілден басқа тілдегі сөздерді қолдану да пайдалы болуы мүмкін (Dijkstra & van Hell, 2003).


Де Боттың моделі бойынша тілді таңдау – сөйлеушінің мақсатына негізделген концептуалды деңгейде жүреді. Одан кейінгі кезеңде тілдік таңдау лексикалық түсінік компоненті мен нақты тілдік түйінге беріледі. Тілдік түйін тіл түйіні тікелей байланыса алатын лемма, синтаксистік құрылым және фонологиялық-фонетикалық деңгейлерде тілді таңдауды бақылап, байқайды. Әртүрлі тілдердің элементтері әр деңгейде тілге тән ішкі жиындықтарды құрайды. Бірақ әртүрлі тілдердегі леммаларда, сөз формаларында немесе фонологияда кейбір ұқсастықтар болса, бұл тілдер арасындағы белсендірудің таралуына әкелуі мүмкін. Олардың қай тілге жататыны туралы мәліметтер лексикалық леммаларға негізделген. Сөздердің лексиконда қалай сақталатынына қатысты Де Бот таңдаусыз шолуды да қолдайды. Тілдік бейтарап көзқарасқа сәйкес, әртүрлі тілдердің сөздері бір сөздікте сақталады, оларды параллельді іздеуге, белсендіруге және бір-бірімен бәсекелестіруге болады. Әртүрлі тілдер үшін әдепкі белсендіру деңгейі бар. Белсендіру деңгейі сөйлеушінің тілді қаншалықты жиі үйренетіні және оны соңғы уақытта қаншалықты жиі қолданғаны сияқты әртүрлі факторларға байланысты. Сонымен қатар, белсендіру деңгейіне оқыту әдісі мен жас мөлшері әсер етеді. Бұл екі топ сыналушыларының Т1 және Т2-ні әртүрлі деңгейде іске қосатынын түсіндіре алады (De Bot. 1992).

Қазақ және орыс топтарын қамтитын қазіргі зерттеуде жеткізуші ретінде орыс тілінің үстемдігі қазақ тобында әлсін байқалады. Бұл идея Уильямс пен Хаммарбергтің және Де Ангелистің тұжырымдарына сәйкес келеді. Фондық тілдердің жаңашылдық әсеріне келетін болсақ, олардың барлығы қазақ және орыс тілдерін табиғи жолмен және мектеп жағдайында үйренеді және екі тіл де күнделікті өмірде жиі қолданылады. Бірақ олар үшін орыс тілі ағылшын тілімен тығыз байланысты, өйткені олар экспериментке дейінгі мәліметтер бойынша ағылшын тілін қазақша емес, орыс тілінің

көмегімен үйренеді. Бірінші топтағылардың ана тілі қазақ тілі болғанымен, орыс тілін меңгеру деңгейлері қазақ тілінен басым. Типология тұрғысынан алғанда, қазақ, орыс және ағылшын тілдері әртүрлі типтерге жататынымен, көптеген зерттеулер психотипологияның тіларалық ықпалдың маңызды факторы екенін көрсетті. Бұл зерттеуде орыс тілі ағылшын тіліне көбірек ұқсайды. Респонденттер орыс тілі мен ағылшын тілінде сөйлем құрылымы мен сөз тәртібінде біршама ұқсастық бар екенін біледі. Демек, психотипология, жалпы білім мен тілдің жаңашылығы өзара әрекеттеседі және орыс тілінің жеткізуші ретінде іске қосылуына әсер етеді (De Anglis, G. 2007., Williams, & Hammarberg. 1998).

### Нәтижелер және талқылау

Зерттеу нәтижелері тілді білу, оның типологиялық қасиеттері және үшінші тілдің әсер ету дәрежесі, сондай-ақ тілдер арасындағы лингвистикалық қашықтық үшінші тілдегі сөйлеу өндірісі кезінде бірінші және екінші тілдердің белсендірілуіне ықпал ететін негізгі факторлар болып табылатынын көрсетті. Бұл нәтижелер көптілді адамдарда тілдердің іске қосылуының күрделі динамикасы туралы түсінік береді және осы үдерісті қалыптастырудағы әртүрлі факторлардың маңыздылығын көрсетеді.



**1-сурет. Ағылшын тілін үшінші тіл ретінде үйренуші қазақ және орыстілді билингвтердің орташа жауап беру уақыты**

Гистограммада көрсетілген ағылшын тілін үшінші тіл ретінде үйренуші қазақ және орыстілді билингвтердің орташа жауап беру уақытын талдауды жан-жақты қарастыруға болады:

- Бірінші тілі қазақ тілі болып табылатын топ өкілдері екінші топпен (орыс тілі бірінші тіл) салыстырғанда барлық санаттарда жылдам реакцияны көрсетті. Бұл қазақ тілін бірінші тіл ретінде қолдану аударманы тану кезінде жылдам реакцияға ықпал етуі мүмкін екенін көрсетеді.

- Қазақ тілі бірінші тіл болып есептелетін топ үшін қазақ тіліндегі дұрыс аудармаларға жауап беру уақыты бұрыс аудармаларға қарағанда қысқа, бұл ана тілін тану жоғары дәлдік пен тиімділікке ие екенін көрсетеді. Орыс тілі бірінші тіл болып есептелетін топ та ұқсас нәтиже көрсетеді, яғни орыс тіліндегі дұрыс аудармаларға жауап беру уақыты бұрыс аудармаларға қарағанда қысқа.

- Орыс тілі бірінші тіл болып есептелетін топтың, әдетте, қазақ тілі бірінші тіл болып табылатын топпен салыстырғанда барлық категориялар бойынша жауап беру уақыты ұзағырақ. Бір қызығы, орыстілді топтың орыс тіліндегі дұрыс аудармаларға жауап беру уақыты қазақ тіліндегі

дұрыс аудармаларға жауап беру уақытымен салыстырғанда қысқа, бұл осы топтың ішіндегі екі тілді меңгеру деңгейіндегі ықтимал айырмашылықты көрсетеді.

• Екі топ та қате аудармаларды тану кезінде ұзақ жауап беру уақытын көрсетті. Бұл когнитивті жүктеменің жоғарылауымен түсіндіріледі. Берілген талдау үштілді екі топтың аудармаларды танудағы жауап беру уақытындағы негізгі үрдістерге шолу жасайды және одан әрі жетілдіру немесе зерттеу қажет бағыттар туралы түсінік береді.

Талдау нәтижелері көрсеткендей, тілді, әсіресе бірінші тілді білу реакция жылдамдығында маңызды рөл атқарады. Орыс тілі ана тілі болып табылатын екінші топта жалпы жауап беру уақыты ұзағырақ болады. Жауап беру уақытына әсер ететін факторларды одан әрі зерттеу қосымша ақпарат бере алады. Қазақ тобындағы реакцияның тұрақты түрде қысқа болуы куәландыратын тілді меңгерудегі байқалатын артықшылық қазақ тілі ана тіл болған жағдайда да, орыс тілі екінші тіл болғанда да тілдерді меңгерудің неғұрлым жоғары деңгейі аударманы тезірек және дәл тануға ықпал ететінін болжауға мүмкіндік береді. Бұл негізгі және қосалқы тілдерінде неғұрлым күшті лингвистикалық іргетасы бар адамдар басқа тілдік тәжірибесі бар адамдармен салыстырғанда тілдік тапсырмаларды орындау кезінде жоғары когнитивтік тиімділікті көрсете алатынын көрсетеді. Бірінші тілі орыс тілі болып табылатын топ қатысушыларының жауап беру уақыттарының әртүрлілігі және ана тілі болып табылмайтын қазақ тіліндегі бұрыс аударманы тану мәселелері осыған дәлел бола алады. Тілді білу, когнитивті өңдеу стратегиялары мен аударманы тану арасындағы байланысты одан әрі зерттеу тілді үйрету бағдарламаларын оңтайландыру және тілдік дағдылардың жалпы дамуын жақсарту үшін құнды ақпарат бере алады.

### **Қорытынды**

Ұсынылған ақпараттан шет тілін сәтті үйрену тек лингвистикалық дағдыларға ғана емес, экстралингвистикалық факторларға да байланысты деп қорытынды жасауға болады. Тілдер арасындағы "типологиялық қашықтық факторы" ұғымы бұл қашықтық неғұрлым аз болса, тіл аралық ықпалдың пайда болу ықтималдылығының жоғары болатынын көрсетеді (Cenoz, J. 2001).

Зерттеулер көрсеткендей, соңғы үйренген тілдің әсері (Last language Effect) «бірінші шет тілінің мәртебесі» факторына ұқсас. Осы зерттеулерге сәйкес, меңгерілген соңғы тіл тіл аралық ықпал мен тасымал негізгі көзіне айналады (Murphy, S. 2003).

Үшінші тілде сөйлеуді өндіруде тілдердің рөлі күрделі және тілдерді меңгеру реттілігіне байланысты өзгеруі мүмкін. Үшінші тілде сөйленіс өндіруге тілді меңгеру, тілді білу және үштілділік үдерісіне қатысатын тілдер арасындағы лингвистикалық қатынастар сияқты факторлар нақты әсер етеді. Көптілділік пен тілді меңгеру мәселесін зерттеушілер фондық тілдердің үшінші тілдегі сөйлеу өндірісіне қалай әсер ететінін тереңірек түсіну үшін осы динамиканы зерттеуді жалғастыруда.

Негізгі тілдердің үшінші тіл өндірісіне қалай әсер ететіндігі туралы толық түсінік алу үшін әртүрлі тілдік комбинациялар мен көптілді студенттерді қамтитын қосымша зерттеулер қажет. Бұл бірінші, екінші тілдердің көптілді қарым-қатынаста атқаратын рөлін түсінуді нақтылауға көмектеседі және үшінші тілді меңгеру мәселелерін теориялық тұрғыда толыққанды түсінігіне ықпал етеді. Келешекте полилингвтердің мақсатты тілді меңгеруге бағытталған шешімдерін үйлестіруге жауапты ми орталықтарының жүйесі ретінде когнитивті бақылауды талдауға жүгіну маңызды.

Нәтижелер мақсат тілді меңгеру, мақсат тілге әсер ету түрі мен дәрежесі, қабылданатын тіл қашықтығы T1 ретіндегі қазақ тілі және T2 ретіндегі орыс тілін белсендіруге ықпал ететін негізгі факторлар екенін көрсетеді. Ал, екінші топ үшін қарама-қайшы көрініс тән. Бұл зерттеу фондық тілдер T3 үйренуге үлкен әсер ететіні туралы T3 туралы басқа зерттеулердің нәтижелерін растайды. Біріншіден, ағылшын тілін үйрену кезінде қазақ тілі (T1) және орыс тілі (T2) жарыспалы түрде іске қосылады, бірақ тілдердің белсенділік танытулары әртүрлі үйренушілер үшін түрлі деңгейде жүзеге асады. Нәтижелерді олардың тіл үйрену тәжірибесінің әртүрлілігімен түсіндіруге болады.

Сонымен қатар, T1 және T2 әртүрлі үйренушілер үшін әртүрлі рөл атқарады. T1 және T2 рөлдері қосымша оқыту тіліне, тіл мен мәдениеттің сәйкестігіне, тілді меңгеру деңгейіне, жаңашылыққа және типологияға байланысты. Сондықтан T1 әрқашан қабылдау құралының рөлін, ал T2 барлық жағдайда жеткізуші рөлін атқарады деп айту дұрыс емес.

Екінші (Т2) және үшінші тіл (Т3) арасында байланыстар әлі күнге дейін эксперименталды тұрғыда толыққанды зерттелмеген. Екінші (Т2) және үшінші тілде (Т3) ақпаратты өңдеу тұрақты баяулығымен сипатталады, себебі бұл тілдер ана тіліне қарағанда кеш меңгеріледі. Зерттеу нәтижелерін ескере отырып, екі үстем емес тілдердің іске қосылуы деңгейіндегі тілдер арасындағы иерархия болған жағдайда тілдерді алмастыру бойынша жұмсалатын уақыт Т3 – Т1 бағытына қарағанда Т3 – Т2 бағытында ұзағырақ екенін байқауымызға болады. Зерттеуде көрсетілген тілралық деректерді эмпирикалық талдау ана/бірінші тілден (тілдерден) кейін қосымша тіл ретінде орыс немесе қазақ тілдерін меңгерген көптілді тұлғалармен жұмыс істейтін оқытушыларға құнды ақпарат бере алады. Екінші тілді меңгеру үдерісіне ерекше назар аудара отырып, біздің зерттеуіміз көптілді білім алушыларға арналған педагогикалық тәсілдерді анықтайтын білім қорына маңызды үлес қосады.

### Әдебиеттер

- Bardel, C. 2010. The lexicon of advanced L2 learners. In Kenneth Hyltenstam (eds.) High-level proficiency in second language use. Berlin: Mouton de Gruyter.
- Cenoz, J., Hufeisen, B. and Jessner, U., 2001. Cross-linguistic influence in third language acquisition: Psycholinguistic perspectives. Clevedon: Multilingual Matters.
- Cenoz, J. 2001. The effect of linguistic distance, L2 status and age on cross-linguistic influence in third language acquisition. In Cross-linguistic influence in third language acquisition: Psycholinguistic perspectives, ed. J. Cenoz, B. Hufeisen, and U. Jessner, 8–19. Clevedon, UK: Multilingual Matters.
- De Anglis, G. (2007). Third or Additional Language Acquisition. Toronto: Multilingual Matters Ltd.
- De Bot. (1992). A bilingual production model: Levelt's speaking model adapted. *Applied Linguistics*, 13(1), 1-24. <https://doi.org/10.1093/applin/13.1.1>
- Dijkstra, T. (2005). Bilingual visual word recognition and lexical access. In J. F. Kroll & A. de Groot (Eds.), *Handbook of bilingualism: Psycholinguistic approaches* (pp. 179-200). Oxford: Cambridge University Press.
- Dijkstra, T., & van Hell, J. G. (2003). Testing the language mode hypothesis using trilinguals. *International Journal of Bilingual Education and Bilingualism*, 6(1), 216. doi:10.1080/13670050308667769
- Flynn, S.L., Claire, F. and Inna, V. 2004. The Cumulative Enhancement Model for Language Acquisition. *International Journal of Multilingualism*, 1:1, 3–17.
- Font, N. & Lavaur, J. -M. (2004). Effets de la fréquence du voisinage orthographique interlangue lors de la reconnaissance visuelle de mots chez les bilingues [Effects of interlingual orthographic neighborhood frequency in bilingual visual word recognition]. *L'année Psychologique*, 104(3), 377-405. doi:10.3406/psy.2004.29673
- Hammarberg, B. 2001. Roles of L1 and L2 in L3 production and acquisition. In Cross-linguistic influence in third language acquisition: Psycholinguistic perspectives, ed. J. Cenoz, B. Hufeisen, and U. Jessner, 21–41. Clevedon: Multilingual Matters.
- Hammarberg, B. 2010. The languages of the multilingual: Some conceptual and terminological issues. In: *IRAL - International Review of Applied Linguistics in Language Teaching* 48 (2–3): 91–104.
- Kellerman, E. (1983). Now you see it, now you don't. In S. M. Gass & L. Selinker (Eds.), *Language transfer in language learning* (pp. 112-134). Rowley, MA: Newbury House Publishers, Inc.
- Lemhofer, K., Dijkstra, T., & Michel, M. (2004). Three languages, one ECHO: Cognate effects in trilingual word recognition. *Language and Cognitive Processes*, 19(5), 585-611. doi:10.1080/01690960444000007
- Lindqvist, C. (2009). The use of the L1 and the L2 in French L3: examining cross-linguistic lexemes in multilingual learners' oral production, *International Journal of Multilingualism*, 6:3, 281-297
- Murphy, S. (2003). Second Language Transfer during L3 Acquisition. *Working Papers in TESOL, Applied Linguistics*, 3, 1-21.
- Orfanidou, E., & Sumner, P. (2005). Language switching and the effects of orthographic specificity and response repetition. *Memory & Cognition*, 33(2), 355-369. doi:10.3758/BF03195323
- Ringbom, H. (1987). *Role of the first language in foreign language learning*. Clevedon, England: Multilingual Matters.
- Rothman, Jason. 2011. L3 syntactic transfer selectivity and typological determinacy: The Typological Primacy Model. *Second Language Research* 27. 107–127.
- Rothman, Jason. 2015. Linguistic and cognitive motivations for the Typological Primacy Model (TPM) of third language (L3) transfer: Timing of acquisition and proficiency considered. *Bilingualism: Language and Cognition* 18. 1–12.
- Trevisiol, P. (2006). Influence translinguistique et alternance codique en français L3, *Acquisition et interaction en langue étrangère. L'acquisition d'une langue*, 24, 14-43. Retrieved from <http://aile.revues.org/1625>
- van Heuven, W. J. B., Dijkstra, T., & Grainger, J. (1998). Orthographic neighborhood effects in bilingual word recognition. *Journal of Memory and Language*, 39(3), 458-83. doi:10.1006/jmla.1998.2584
- Williams, S., & Hammarberg, B. (1998). Language switches in L3 production: Implications for a polyglot speaking model. *Applied Linguistics*, 19(3), 295-333. Retrieved from <http://apli.oxfordjournals.org/>

### References

- Bardel, C. 2010. The lexicon of advanced L2 learners. In Kenneth Hyltenstam (eds.) *High-level proficiency in second language use*. Berlin: Mouton de Gruyter. [in English].
- Cenoz, J., Hufeisen, B. and Jessner, U., 2001. Cross-linguistic influence in third language acquisition: Psycholinguistic perspectives. Clevedon: Multilingual Matters. [in English].
- Cenoz, J. 2001. The effect of linguistic distance, L2 status and age on cross-linguistic influence in third language acquisition. In *Cross-linguistic influence in third language acquisition: Psycholinguistic perspectives*, ed. J. Cenoz, B. Hufeisen, and U. Jessner, 8–19. Clevedon, UK: Multilingual Matters. [in English].
- De Anglis, G. (2007). *Third or Additional Language Acquisition*. Toronto: Multilingual Matters Ltd [in English].
- De Bot. (1992). A bilingual production model: Levelt's speaking model adapted. *Applied Linguistics*, 13(1), 1-24. <https://doi.org/10.1093/applin/13.1.1> [in English]
- Dijkstra, T. (2005). Bilingual visual word recognition and lexical access. In J. F. Kroll & A. de Groot (Eds.), *Handbook of bilingualism: Psycholinguistic approaches* (pp. 179-200). Oxford: Cambridge University Press. [in English].
- Dijkstra, T., & van Hell, J. G. (2003). Testing the language mode hypothesis using trilinguals. *International Journal of Bilingual Education and Bilingualism*, 6(1), 216. doi:10.1080/13670050308667769 [in English].
- Flynn, S.L., Claire, F. and Inna, V. 2004. The Cumulative Enhancement Model for Language Acquisition. *International Journal of Multilingualism*, 1:1, 3–17. [in English].
- Font, N. & Lavour, J. -M. (2004). Effets de la fréquence du voisinage orthographique interlangue lors de la reconnaissance visuelle de mots chez les bilingues [Effects of interlingual orthographic neighborhood frequency in bilingual visual word recognition]. *L'année Psychologique*, 104(3), 377405. doi:10.3406/psy.2004.29673 [in English].
- Hammarberg, B. 2001. Roles of L1 and L2 in L3 production and acquisition. In *Cross-linguistic influence in third language acquisition: Psycholinguistic perspectives*, ed. J. Cenoz, B. Hufeisen, and U. Jessner, 21–41. Clevedon: Multilingual Matters. [in English].
- Hammarberg, B. 2010. The languages of the multilingual: Some conceptual and terminological issues. In: *IRAL - International Review of Applied Linguistics in Language Teaching* 48 (2–3): 91–104. [in English].
- Kellerman, E. (1983). Now you see it, now you don't. In S. M. Gass & L. Selinker (Eds.), *Language transfer in language learning* (pp. 112-134). Rowley, MA: Newbury House Publishers, Inc. [in English].
- Lemhofer, K., Dijkstra, T., & Michel, M. (2004). Three languages, one ECHO: Cognate effects in trilingual word recognition. *Language and Cognitive Processes*, 19(5), 585-611. doi:10.1080/01690960444000007 [in English].
- Lindqvist, C. (2009). The use of the L1 and the L2 in French L3: examining cross-linguistic lexemes in multilingual learners' oral production. *International Journal of Multilingualism*, 6:3, 281-297 [in English].
- Murphy, S. (2003). Second Language Transfer during L3 Acquisition. *Working Papers in TESOL, Applied Linguistics*, 3, 1-21. [in English].
- Orfanidou, E., & Sumner, P. (2005). Language switching and the effects of orthographic specificity and response repetition. *Memory & Cognition*, 33(2), 355-369. doi:10.3758/BF03195323 [in English].
- Ringbom, H. (1987). *Role of the first language in foreign language learning*. Clevedon, England: Multilingual Matters. [in English].
- Rothman, Jason. 2011. L3 syntactic transfer selectivity and typological determinacy: The Typological Primacy Model. *Second Language Research* 27. 107–127. [in English].
- Rothman, Jason. 2015. Linguistic and cognitive motivations for the Typological Primacy Model (TPM) of third language (L3) transfer: Timing of acquisition and proficiency considered. *Bilingualism: Language and Cognition* 18. 1–12. [in English].
- Trevisiol, P. (2006). Influence translinguistique et alternance codique en français L3, Acquisition et interaction en langue étrangère. *L'acquisition d'une langue*, 24, 14-43. Retrieved from <http://aile.revues.org/1625>
- van Heuven, W. J. B., Dijkstra, T., & Grainger, J. (1998). Orthographic neighborhood effects in bilingual word recognition. *Journal of Memory and Language*, 39(3), 458-83. doi:10.1006/jmla.1998.2584 [in English].
- Williams, S., & Hammarberg, B. (1998). Language switches in L3 production: Implications for a polyglot speaking model. *Applied Linguistics*, 19(3), 295-333. Retrieved from <http://apllij.oxfordjournals.org/> [in English].